
Eurasian Centre for Accreditation and Quality Assurance in Higher Education and Health Care

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУДАҒЫ PHD ДОКТОРАНТУРАНЫҢ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН АККРЕДИТТЕУ СТАНДАРТТАРЫ



НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Алматы, 2023 ж.

Білім беруді және денсаулық сақтауды сапамен қамсыздандыру және аккредиттеудің Еуразиялық орталығы

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУДАҒЫ PHD ДОКТОРАНТУРАНЫҢ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН АККРЕДИТТЕУ СТАНДАРТТАРЫ

ECAQA

Алматы, 2023 ж.

ӘОЖ 614.2
КБЖ 51.1 (2)

«Білім беруді, денсаулық сақтауды сапамен қамсыздандыру және аккредиттеудің Еуразиялық орталығы» Коммерциялық емес мекемесі **ӘЗІРЛЕГЕН**

«Білім беруді, денсаулық сақтауды сапамен қамсыздандыру және аккредиттеудің Еуразиялық орталығы» КеМ Сараптамалық кеңесі 06.06.2023 жылғы № 1 бекіткен және Бас директордың 15.06.2023 жылғы № 16 бұйрығымен қолданысқа енгізілген.
Осы стандартта «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 27.07.2007 жылғы № 319-III Заңының нормалары іске асырылды (01.06.2023 жылғы жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен)

ISBN 978-601-280-957-2

Бұл стандарттар Еуропадағы биомедицина және денсаулық туралы ғылымының PhD білім беру Халықаралық Стандарттары, Еуропалық жүйедегі (ORPHEUS) биомедицина және денсаулық туралы ғылымының PhD білім беру, Еуропаның Медициналық Мектептерінің Қауымдастығы (AMSE), ұлттық ерекшеліктеріне және Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау жүйесінің ұлттық қажеттіліктеріне және басымдықтарына сәйкес, Дүниежүзілік Медициналық Білім беру Федерациясы (WFME) негізінде әзірленген. Стандарттар медициналық білім беру ұйымдарымен PhD докторантура мамандықтарының өзін-өзі бағалау үшін, сапаны қамтамасыз ететін ішкі механизмдерді анықтау және жақсарту үшін, ішкі құжаттамаларды әзірлеу және сапа мәдениетін дамыту үшін қолданылады.

Бұл стандарттар Білім беруді және денсаулық сақтауды сапамен қамтамасыз ету және аккредиттеудің Еуразиялық орталығының (АЕО) рұқсатынсыз толық немесе ішінара жаңартылмайды, таралымға шықпайды және таратылмайды.

ӘОЖ 614.2
КБЖ 51.1 (2)

ISBN 978-601-280-957-2

©Денсаулық сақтаудағы PhD білім беру бағдарламаларын аккредиттеу стандарттары, 2023 ж.

МАЗМҰНЫ

1	Қолдану саласы	4
2	Нормативтік сілтемелер	4
3	Терминдер мен анықтамалар	5
4	Белгілер мен қысқарған сөздер	10
5	Жалпы ережелер	10
6	Мамандандырылған аккредиттеу стандарттарын енгізудің негізгі мақсаттары	12
7	Мамандандырылған аккредиттеу сапасымен қамтамасыз ету және өткізу принциптері	13
8	Мамандандырылған аккредиттеу процесінің кезеңдері мен негізгі элементтері	14
9	Аккредиттеу бойынша шешім қабылдау	15
10	Аккредиттеуден кейінгі мониторинг	16
11	Мамандандырылған аккредиттеу стандарттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі	16
12	АККРЕДИТТЕУ СТАНДАРТТАРЫ	17
12.1	Ғылыми-зерттеу ортасы	17
12.2	Түпкілікті нәтижелері	18
12.3	Қабылдау саясаты және критерийлері	18
12.4	PhD докторантура бағдарламасы	19
12.5	Ғылыми жетекшілік	20
12.6	PhD диссертациясы	21
12.7	Бағалау	22
12.8	Ұйымның құрылымы	23
13	Библиография	25

ЕСАОА

МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АККРЕДИТТЕУ СТАНДАРТТАРЫ

Негізгі ережелер

1 Қолдану саласы

1.1 Осы стандарт медициналық білім беру ұйымдарындағы биомедицина мен денсаулық туралы ғылымдарда PhD бағдарламаларын аккредиттеу стандарттарының негізгі ережелері мен талаптарын анықтайды.

1.2 Осы Стандарт жаңа білім беру бағдарламаларын қоса алғанда, денсаулық сақтау және бейінді докторантура саласындағы 6D11 – «Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру (медицина)» тобының ғылыми және педагогикалық докторантурасының (бұдан әрі – PhD бағдарламалары) білім беру бағдарламаларының сапасын қамсыздандыру құралы ретінде қолданылады.

1.3 Аккредиттеу стандарттары медициналық білім беру ұйымдары медициналық білім беру ұйымының мәртебесіне, ұйымдастырушылық-құқықтық нысанына, меншік нысандарына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру бағдарламасының сапасын қамтамасыз ету жүйесін сыртқы бағалау үшін қолданылады.

1.4 Аккредиттеу стандарттары медициналық білім беру ұйымдарының мамандандырылған өзін-өзі бағалауды жүргізу, сапаны қамтамасыз етудің ішкі механизмдерін анықтау және жетілдіру, ішкі құжаттаманы әзірлеу және сапалы мәдениетті дамыту үшін пайдаланылады.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартта мынадай заңнамалық және нормативтік-құқықтық құжаттарға сілтемелер пайдаланылды:

2.1 2020 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының № 360 - VI ҚРЗ Кодексі. Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы, 4 - бөлім, 25 - тарау Денсаулық сақтау саласындағы білім беру қызметі. 222 - бап. Резидентура.

2.2 2007 жылғы 27 маусымдағы «Білім туралы» № 319 - III ҚР Заңы.

2.3 2018 жылғы 30 қазандағы тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің № 595 бұйрығы.

2.4 2026 жылға дейінгі Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін дамытудың тұжырымдамасын бекіту туралы 4 - бағыт. Кадрларды даярлау және біліктілігін арттыру жүйесінің тиімділігін арттыру. 2022 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 945 қаулысы

2.5 2023 - 2029 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысы.

2.6 Денсаулық сақтау саласындағы білім беру деңгейлері бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды бекіту туралы (4) осы бұйрыққа 4 - қосымшаға сәйкес жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 4

шілдедегі № ҚР ДСМ - 63 бұйрығы. 2022 жылғы 5 шілдеде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде № 28716 болып тіркелді.

2.7 Денсаулық сақтау саласындағы мамандықтар мен мамандықтар номенклатурасын, денсаулық сақтау қызметкерлері лауазымдарының номенклатурасы мен біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы. 2020 жылғы 21 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің № ҚР ДСМ - 305/2020 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2020 жылғы 22 желтоқсанда № 21856 болып тіркелді. 14.04.2023 жылғы жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің № 72 (110 (2020 ж)/143 бұйрығымен).

2.8 2018 жылғы 13 қазандағы Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының жіктеуішін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің № 569 бұйрығы.

2.9 2018 жылғы 31 қазандағы Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің № 600 бұйрығы. 2018 жылғы 31 қазанда Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде № 17650 болып тіркелді.

2.10 2011 жылғы 31 наурыздағы Дәрежелер беру ережесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің № 127 бұйрығы. 2011 жылғы 13 мамырда Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде № 6951 болып тіркелді.

2.11 Standards and Guidelines for Quality Assurance in the European Higher Education Area (ESG), 2015, Brussels, Belgium (35 p).

2.12 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы аккредиттеу органына қойылатын талаптарды және жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі, оның ішінде шетелдік білім беру саласындағы аккредиттеу органдарын тану қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 1 қарашадағы № 629 бұйрығы. 2016 жылғы 19 қарашада Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде № 14438 болып тіркелді (жаңа редакцияда - Қазақстан Республиасының Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 19.04.2024 № 177 бұйрығымен).

2.13 Дүниежүзілік медициналық қауымдастықтың Хельсинки декларациясы: адамдарда биомедициналық зерттеулер жүргізу бойынша дәрігерлерге арналған ұсынымдар. 18-ші Дүниежүзілік Медициналық Ассамблея қабылдады, Хельсинки, Финляндия, 1964 жылғы маусым және 48-ші Бас Ассамблея қайта қарады, Сомерсет Уэст, ОАР, 1996 жылғы қазан.

3 Терминдер мен анықтамалар

Осы стандартта ҚР «Білім туралы» Заңына 27.07.2007 ж. № 319-III (09.04.2016 жылға сәйкес өзгерістерімен және толықтыруларымен) сәйкес терминдер мен анықтамалар қолданылады:

– **Аккредиттеу органдары** – стандарттар (регламент) әзірлейтін және олар әзірлеген стандарттар (регламент) негізінде білім беру ұйымдарын аккредиттеуді жүзеге асыратын заңды тұлғалар;

– **Білім беру ұйымдарын акредиттеу –** аккредиттеу органдарының

аккредиттеудің белгіленген стандарттарына (регламенттеріне) білім беру қызметтерінің сәйкестігін, олардың сапасы мен оны арттырудың тиімді тетіктерінің бар екенін растау туралы обьективті ақпаратты ұсыну мақсатында мойындау рәсімі;

– **Білім беру бағдарламаларын аккредиттеу** – білім беру бағдарламаларының (мамандық) белгіленген аккредиттеу стандарттарына (регламент) сәйкестігін, олардың сапасы мен оны арттырудың тиімді тетіктерінің бар екенін растау туралы обьективті ақпаратты ұсыну мақсатында мойындау рәсімі;

– **Институционалдық аккредиттеу** – аккредиттеу органының білім беру ұйымының сапасын, аккредиттеу органы белгілеген стандарттарға және мәлімденген мәртебесіне сәйкестігін бағалау үдерісі;

– **Халықаралық аккредиттеу** – 1-Тізілімге енгізілген ұлттық немесе шетелдік аккредиттеу органы жүргізетін білім беру ұйымдары (институционалдық аккредиттеу) және жекелеген білім беру бағдарламалары (мамандандырылған аккредиттеу) қызметінің сапасын білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі стандарттарға сәйкестігін бағалау процесі (ұйғарым 11.01.2020 ж. толықтырулар мен өзгерістер редакциясында Алып тасталды);

– **Ұлттық аккредиттеу** – білім беру ұйымдары қызметінің сапасын (институтционалдық аккредиттеу) және жекеленген білім беру бағдарламаларын (мамандандырылған аккредиттеу) білім беру сапасын қамтамасыз ету бойынша өткізілетін ұлттық аккредиттеу органы, 1-ші Тізілімге енгізілген, стандарттарына сәйкестігін бағалау үдерісі;

– **Мамандандырылған аккредитация** – білім беру ұйымдары іске асыратын жекеленген білім беру бағдарламаларының сапасын бағалау;

– **Аккредиттеу стандарттары (регламенттері)** – аккредиттеу рәсіміне қойылатын талаптарды белгілейтін құжаттарды аккредиттеу.

– **Докторантура –** ғылыми және педагогикалық кадрларды даярлауға бағытталған, 3 жылдан кем емес нормативтік оқу мерзімі болатын, жоғарғы оқу орнынан кейінгі философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін бере алатын, кәсіби білім беру бағдарламасы. «Болон процесі» принциптеріне сәйкес докторлық бағдарламалар жоғарғы білім беру жүйесінің бакалавриат және магистратурадан кейінгі «үшінші циклін» құрайды. Үшінші циклдің негізгі құрамдас бөлігі өзіндік зерттеу арқылы оқыту болып табылады.

– **Философия докторы (PhD) –** сәйкес мамандық бойынша докторонтураның кәсіптік оқу бағдарламасын меңгерген адамдарға берілетін жоғарғы академиялық дәреже.

– **Докторлық диссертация** – олардың жиынтығы жаңа ғылыми жетістік ретінде білуге болатын, маңызды әлеуметтік-мәдени немесе экономикалық мәні бар немесе негізгі ғылыми техникалық, экономикалық немесе технологиялық шешімдер және елдің экономикасының дамуына үлкен үлес қосатын енгізулер баяндалған ғылыми мәселені шешетін теориялық ережелер әзірленген дербес зерттеуді білдіретін ғылыми жұмыс.

ORPHEUS-AMSE-WFME Халықаралық стандарттарына сәйкес Еуропадағы биомедицина және денсаулық ғылымдары бойынша PhD

бағдарламаларын аккредиттеу (PhD оқытудың үздік тәжірибелері, 2016 ж. қайта қарау) тиісті стандарттарда келесі терминдер мен анықтамалар белгіленді:

Ғылыми оқыту ортасы – Зерттеу ортасының сапасы талдау жасау арқылы бағаланады: медициналық білім беру ұйымдарында/ғылыми ұйымдарда PhD докторантура бейіні бойынша зерттеу нәтижелерін (жарияланымдар саны, импакт-факторы және т.б.) жариялау; медициналық білім беру ұйымдарында/ғылыми ұйымдарда ғылыми зерттеулерді жүргізуге сыртқы қаржыландыруды жұмылдыру деңгейі; оқу орнында, факультетінде, оқу топтарында оқытушылар, құзіретті және білікті зерттеушілер саны; ғылыми-зерттеу орталықтары мен университеттер, медициналық ұйымдардың зерттеу топтарымен ұлттық және халықаралық серіктестік.

Зерттеу ортасының күші дипломнан кейінгі білім беру басқа мектептермен салыстырылып бағаланады

Халықаралық этикалық стандарттар – Хельсинк II Декларациясы (клиникалық зерттеулер), Еуропалық Одақтың Нұсқаулығы, 2010/63/EU (жануарларға зерттеу жүргізу) және Овьедо Конвенциясы (биоэтика).

PhD бағдарламларына сәйкес келетін, ***PhD бағдарламаларының басқа құзыреттері*** қамтуы тиіс:

– докторанттардың өз салаларында зерттеу дағдылары мен әдістерін меңгеру және оларды игеру саласындағы жүйелі түсініктерді көрсетуі;

– докторанттардың өзіндік ғылыми зерттеулер контекстінде қазіргі халықаралық басылымдарда талап етілетін деңгейде академиялық жұмыстарды бейімдеу және іске асыру, әзірлеу және қалыптастыру қабілетін көрсетуі;

– докторанттардың көшбасшылық дағдысын, басқалардың жұмысына басшылық ету қабілетін, жобаларды басқару, оқыту қабілетін және өз білімімен бөлісуін көрстеуі;

– кең академиялық қоғамдастықпен және тұтастай қоғаммен, өз зерттеу саласында ғылыми жетекшілермен пікір алмасатын қабілеті;

– қоғамда білімге негізделген технологиялық, әлеуметтік және мәдени дамуына академиялық және кәсіби контекст шеңберінде ықпал ету қабілеті.

Қосымша құзыреті көшбасшылықты, ғылыми жетекшілікті, жобаларды басқаруды және педагогикалық дағдыларды қамтиды.

PhD біліктілігі Еуропалық біліктілік құрылымының 8-ші деңгейіне сәйкес келеді.

Қабылдау критерийлері ғылыми құзыреттілікті құжаттамалық растауды, мысалы бұрын жүргізілген зерттеу бағдарламаларын және жарияланған жұмыстарды, алдыңғы зерттеулер нәтижелері мен –медициналық жұмыскерлерге- клиникалық тәжірибесін қамтуы мүмкін.

Ашықтық – қабылдау процесінің айқындығына ұмтылуына қарамастан, көптеген білім беру ұйымдары үшін PhD бағдарламасы резидентура немесе

магистрлік бағдарламаның жалғасы ретінде қарастырылады. PhD бағдарламасы бойынша докторантураға өзінің меншікті түлектерін қабылдауы керек және ол басқа да мекемелерден келетін ізденушілерді қабылдауға кедергі келтірмеуі тиіс.

Ресурстарына (ішкі немесе сыртқы) жатады: ғылыми жоба мен ағымдағы шығыстарды жүзеге асыру үшін инфрақұрылым

Ұйымдар ресурстары қамтамасыз ету керек: докторанттарды қабылдау, докторантураны оқу бағдарламасын ұйымдастыру, өз бетінше оқу және зерттеу жұмыстарын жүзеге асыру шарттары, диссертациялық жұмыстарды орындау, ғылыми басшылық және PhD докторанттарына кеңес беру, диссертацияға сын-пікір айту және бағалау, докторлық дәрежесі, эксплуатациялық шығындар, оқыту курстарына, халықаралық ғылыми конференцияларға қатысуға арналған шығындар, ұйымдарда докторантурада оқу ақысын төлеу, бұл тәжірибеге алынған.

Сондай-ақ, ресурстар доктаранттың шәкіртақысын (жалақы) қамтиды, бірақ төлем мөлшері әртүрлі ьолуы мүмкін.

PhD докторанттарына ғылыми зертхана, ақпараттық және кеңселік үй-жайлар қол жетімді болуы тиіс.

Оқытудың 3-4 жылдық толық курсы бірнеше мақсаттарды көздейді: (а) ол ғылыми жұмыстың барлық көлемін орындауға және аяқтауға шектеулі мерзім бар екендігіне кепілдік береді және ол диссертацияға қосылады және PhD докторы дәрежесіне қойылатын талаптардың сақталуының тиімді тәсілі болып табылады; (б) ол PhD докторантты өз уақытын ғылыми мәселеге аударуға және қамтамасыз етуге шақырады, бұл бағдарлама түпнұсқалық зерттеуді орындауды қамтамасыз ету үшін негізделеді.

Арнайы дағдылар бойынша курстар әдеп бойынша курстарды, қауіпсіздік, жануарларға тәжірибе жүргізу (егер қолданылса), зерттеу әдіснамасын, кандидаттарды олардың ғылыми зерттеулерінде қолдау үшін, таңдау пәніне байланысты статистикасын және құрамдас бөліктерін қамтиды.

Арнайы дағдылар бойынша курстар қамтуы мүмкін: академиялық және академиялық емес аудиториялар үшін өз зерттеулерінің (ауызша/стендтік/баспа) нәтижелерін ұсыну үшін докторанттарды даярлау, университетте сабақ беру, тілдік дағдылар, жобаларды басқару, грантқа өтініш жазу, ғылыми әдебиеттерді сыни бағалау, техникалық мамандар мен докторанттарға басшылық ету. Сондай-ақ, ынтымақтастық ұйымына және кәсіби мансапқа дамытуға бағытталған курстарды қамтиды. ***Арнайы дағдылар бойынша курстар*** мемлекеттік немесе жеке мекемелерде зерттеуді жалғастыруда күтілуде, сондай-ақ мансабын басқа салаларда жалғастыратындар үшін де маңызды болады.

Осы салада ғылыми біліктілігі бар ғылыми жетекші үшін, әдетте ғылыми PhD дәрежесі немесе баламалы дәрежесі болуы күтіледі және рецензияланған әдебиеттегі жарияланымдары бар тұрақты ғылыми құдіреті болатын белсенді қатысушысы болып табылуы керек.

Тұрақты кеңес берулер – бұл айына кем дегенде бірнеше рет берілетін кеңестер, сонымен қатар, кеңес берулер жиілігі PhD докторанттарына қойылатын жеке талаптарына байланысты ауытқып тұруы мүмкін кеңес берулер. Кеңес берулер PhD бағдарламаларының және зерттеуді жүзеге асыру барысын талқылауды қамтуы тиіс, жалпы ғылыми ұсынымдарды беруі тиіс, зерттеу жобасын басқаруға көмектесуі керек, кейінгі зерттеулерге бастамашылық жүргізуге және анықтауға көмектесуі керек, диссертацияны жазу және жариялауға дайындау кезінде көмек беруі керек.

Жариялау үшін Халықаралық танылған журнал. Бұл тиісті ғылыми және медициналық облыста болатын жақсы сапалы журналдар және PubMed, Science Citation Index енгізілген немесе биомедициналық және медициналық әдебиеттерде ұқсас деректер базасы болады.

Ағылшын тілін озық тәжірибе тілі ретінде пайдалану, ол тілдің биомедицина ғылымдарында және денсаулық сақтау ғылымдарының әдебиеттерінде кең пайдаланылатын тіл болып табылуына байланысты ұсынылады. Осылайша, интернационалдандыру ынталандырудың неғұрлым қолайлы тілі болып табылады.

Тиісті мүдделі тараптар болып табылады: докторанттар оқыған институттардың басшылары; білім беру ұйымдарының әкімшілігі; зерттеу орталықтары мен институттарының директорлары; жетекшілері, PhD докторанттары, оқытушылары; университеттер мен үкімет өкілдері; тиісті халықаралық ұйымдар.

Ғылыми жетекшілерге арналған Web-курстар (семинарлар) PhD бағдарламаларына жататын ережелермен және талаптармен танысу мақсатында, сондай-ақ ғылыми жетекшілердің негізгі міндеттері ретінде жүргізіледі.

4 Белгілер мен қысқарған сөздер

Осы стандартта келесі қысқартулар пайдаланылады:

АК – Аккредиттеу Кеңесі
ӘБҚ – әкімшілік-басқару қызмтекерлері
ЖОО – жоғарғы оқу орны
ССК – сыртқы сараптау комиссиясы
ММББС – Мемлекеттік міндетті білім беру стандарты
ҚР ДСМ – Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау Министрлігі
ҚР БҒМ – Қазақстан Республикасының білім және ғылым Министрлігі
ҮКД – үздіксіз кәсіптік дамыту
ҮМББ – үздіксіз медициналық білім беру
ББББ – білім беру бағдарламасы
ПОҚ – профессор-оқытушылар құрамы
ҚР – Қазақстан Республикасы
БАҚ – бұқаралық ақпарат құралдары
СК – Сараптамалық Кеңес
AMSE – Еуропадағы Медициналық Мектептердің Қауымдастығы

ORFEUS – Еуропалық Жүйедегі Өмір туралы Ғылымдарда және Биомедицинадағы PhD Білім беруді Ұйымдастыру

WFME - Дүниежүзілік Медициналық Білім Беру Федерациясы

WHO/ДДСҰ – Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау Ұйымы

PhD –Философия докторы (Doctor of Philosophy)

5 Жалпы ережелер

5.1 Биомедицинада және денсаулық туралы ғылымдарда PhD бағдарламаларын аккредиттеу осы Стандарттарда көрсетілген негізгі ережелерге және талаптарға сәйкес жүргізіледі және келесі Стандарттарды қамтиды:

Стандарт 1 «Ғылыми-зерттеу ортасы»

Стандарт 2 «Түпкілікті нәтижелері»

Стандарт 3 «Қабылдау саясаты және критерийлері»

Стандарт 4 «PhD докторантура бағдарламасы»

Стандарт 5 «Ғылыми жетекшілік»

Стандарт 6 «PhD диссертациясы»

Стандарт 7 «Бағалау»

Стандарт 8 «Ұйымның құрылымы»

5.2. Денсаулық сақтау және медициналық білім беру саласындағы ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып, мамандандырылған аккредиттеу стандарттары биомедицинадағы және денсаулық туралы ғылымдарындағы ORPHEUS-AMSE-WFME (Қайта қарау 2016ж.) Халықаралық аккредиттеу Стандарттарының PhD бағдарламаларына сәйкес негізделген.

5.3. Медициналық білім беру ұйымының мамандандырылған аккредиттеу стандарттары екі деңгейдегі жетістіктер стандарттарын қамтиды: базалық стандарт және сапасын жақсару стандарты:

Базалық стандарт «болуы міндетті» етістігімен өрнектеледі және бұл стандарттың әрбір медициналық білім беру ұйымында орындалуы тиіс екендігін білдіреді және орындалуы медициналық білім беру ұйымының сырттай бағалауды өткізу кезінде көрсетілуі керектігін білдіреді.

Жақсару стандарты «болуы керек» етістігімен өрнектеледі және стандарт медициналық білім беру және базалық медициналық білім берудің үздік тәжірибесі туралы халықаралық мәмілеге сәйкес келетінін білдіреді. Осы стандарттардың немесе бастамалардың орындалуы кейбір немесе барлық стандарттарды орындау бойынша медициналық білім беру ұйымдарымен құжат арқылы расталуы тиіс.

Барлығы 63 стандарт бар, оның ішінде базалық стандарттар – 47 және жақсарту стандарттары – 16.

5.4 Осы Стандартта қолданылатын «медицина» термині денсаулық сақтауға қатысты барлық мамандықтарды қамтиды (медицина, стоматология, фармация, фармацевтикалық өндіріс технологиясы, Қоғамдық денсаулық сақтау және т.б.).

5.5 Осы құжатта сипатталған PhD дәрежесі, халықаралық дәреже болып табылғанымен, сол уақытта кейбір елдерде берілетін, кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру және бакалавриат+магистратура бағдарламаларын кеңейту мақсатында неғұрлым озық білім беру бағдарламаларына негізделген және «мамандандырылған

докторлық дәрежелерден» ерекшеленеді. Сондай-ақ, PhD дәрежесін кейбір елдерде берілетін, PhD есептемегенде, неғұрлым жоғары дәрежелі ғылыми жетістіктерден ажырата білген жөн. Бұл елдер арасындағы ұтқырлықтың өсуіне байланысты, халықаралық тұрғыда маңызды мағынаға ие болады.

5.6 Осы Стандартта білім беру ұйымдары, мысалы, жоо, ғылыми-зерттеу институты, факультеттері PhD бағдарламаларын іске асыруға және осы бағдарламалардың сапасын қамтамасыз етуге жауапты болады, ал Стандарттар PhD бағдарламаларының дамуына және жеке институционалдық дамуына негіз ретінде қолданыла алады.

5.7 Болон процесіне сәйкес PhD деңгейі бакалавриаттан (3 - 4 жыл) және магистратурадан (1 - 2 жыл) кейін жоғары білімнің «үшінші циклы» болып табылады және қазіргі заманғы білім беру кеңістігін дамыту тәсілі ретінде қарастырылады.

5.8 PhD бағдарламаларын ұйымдастыру тәртібі осы бағдарламаларды ұсынатын білім беру ұйымының құрылымына, сондай - ақ ұлттық заңнамаға және тиісті мүдделі тараптарға байланысты болады.

5.9 Ішкі бағалау сапаны қамтамасыз етудің барлық жүйесінің ажырамас бөлігі болуы тиіс, ал ішкі бағаларды тұрақты талдау докоранттардың PhD даярлау сапасын жақсартуға қол жеткізудің оңтайлы тәсілі болып табылады.

5.10 Аккредиттеу жөніндегі шешімді медициналық білім беру ұйымдарын мамандандырылған аккредиттеу стандарттарының талаптарын орындаудың сәйкестігіне АЕО ССК ұсынған білім беру бағдарламасын сыртқы бағалау нәтижелері негізінде Аккредиттеу Кеңесі қабылдайды.

5.11 Аккредиттеу кеңесі ДДҰ/ДМБФ-ның медициналық білім беруді аккредиттеу жөніндегі басшылық қағидаттарына сәйкес құрылған және Қазақстан Республикасының Парламентінің, ҚР БҒМ, ҚР ДСМ, денсаулық сақтау органдары мен ұйымдарының, медициналық білім беру ұйымдарының, ғылыми ұйымдардың, кәсіптік қауымдастықтардың, жұмыс берушілердің, жұртшылықтың, оқитындар мен халықаралық сарапшылардың өкілдерін қамтиды.

6 Мамандандырылған аккредиттеу стандарттарын енгізудің негізгі мақсаттары

6.1 PhD бағдарламаларын аккредиттеу стандарттарын енгізудің негізгі мақсаты болып табылады:

6.1.1 жоғарғы кәсіби білім берудің сапасын қамтамасыз етудің озық халықаралық тәжірибесінің қағидаттарымен үйлестірілген, ұлттық және институтционалдық деңгейде ішкі және сыртқы сапаны қамтамасыз ету жүйесін енгізу;

6.1.2 студенттер, академиялық қызметкерлер, басшылық және ӘБҚ медициналық білім беру ұйымы қолдау көрсететін мәдениет сапасын дамытуға жәрдемдесу;

6.1.3 аккредиттеу стандарттары талаптарының орындалуының сәйкестігіне сыртқы бағалау және медицина саласындағы білім беру бағдарламаларының сапа кепілдігі;

6.1.4 білім беру бағдарламасының сапасын үздіксіз жақсартуға жәрдемдесу және тез өзгеріп отыратын жағдайлар мен еңбек нарығы қажеттіліктерінің

талаптарына сәйкес ресурстармен қамтамасыз етілуі және ұлттық кәсіптік білім беру жүйесінің бәсекеге қабілеттілікке жеткізу;

6.1.5 PhD докторанттарының арнайы құзіреті ғаламдық ауқымда қолданылуы кепілдігі қол жетімді болды және білім беру ұйымдары және олардың бағдарламаларында білім сапасын құжаттандыру процесінің мөлдірлігі қамтамасыз етілетін болды.

6.1.6 мемлекет, қоғам мен тұтынушылардың мүдделерін қорғау жұртшылыққа, білім беру және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органдарға медициналық білім беру ұйымындағы PhD докторантурасының білім бағдарламаларын аккредиттеу нәтижелері туралы нақты ақпарат беру арқылы іске асырылады.

7 Мамандандырылған аккредиттеу сапасымен қамтамасыз ету және өткізу принциптері

7.1 Жоғары кәсіби білім беру сапасын қамтамасыз ету және сыртқы бағалау келесі қағидаттарға негізделген:

7.1.1 еріктілік – аккредиттеу рәсімі ерікті негізде және медициналық білім беру ұйымының институционалдық автономияны тануы жүргізіледі;

7.1.2. жауапкершілік – аккредиттеу үдерісі жауапкершілікті және қарым-қатынасты айқын анықтайды, барлық мүдделі тараптармен (ЖОО, студенттер, кәсіби ұйымдар мен денсаулық сақтау мамандары, мемлекет) өзара іс-қимыл жүргізу, аккредиттеу жүйесін дамыту үшін қажетті ресурстар мен инновацияларды, келісілген нұсқаулықтармен және стандарттармен қамтамасыз етіледі, құзыретті сарапшылардан қолдау табады;

7.1.3 айқындық – барлық мүдделі тараптардың өзін-өзі бағалау және сыртқы бағалауды өткізу үшін, аккредиттеу стандарттарына, үдерісі мен процедурасындағы ақпаратқа қол жеткізе отырып, ішкі және сыртқы бағалау ашық және мөлдір түрде өткізіледі;

7.1.4 тәуелсіздік – аккредиттеу бойынша шешім қабылдау нақты ақпарат және сыртқы сараптамалық бағалаудың алынған нәтижелерді бойынша үшінші тұлғаларға (уәкілетті мемлекеттік органдардың, медициналық ұйым әкімшілігінің білім беру және қоғамдық пікір) қарамастан сыртқы бағалау;

7.1.5 объективтілік - нақты белгіленген критерийлердің және аккредиттеу стандарттарын қолдана отырып, бағдарламалық ерекшеліктерін және сыртқы бағалау нәтижелерін аккредиттеу негізінде және ССК ұсыныстарын ескере отырып, сыртқы бағалауды жүргізу;

7.1.6 құпиялылық – мамандандырылған өзін-өзі бағалау бойынша есептің деректері, берілген ақпарат және білім беру бағдарламасын сыртқы бағалау кезінде алынған ақпарат қатаң түрде құпия болып саналады;

7.1.7 тиімділігі – сыртқы бағалауы түпкі нәтижеге бағытталған, ол ішкі ортаны жақсартуға және білім беру бағдарламасының тетіктерінің сапасын дамытуды қамтамасыз етеді, мәдениет сапасын дамытады және сапасын қамтамасыз етудің ішкі және сыртқы механизмдердің арасындағы өзара байланысты қамтамасыз етеді.

8 Мамандандырылған аккредиттеу процесінің кезеңдері мен негізгі элементтері

8.1 Аккредиттеу процесі келесі негізгі элементтер мен кезеңдерді қамтиды:

8.1.1 медициналық білім беру ұйымының аккредиттеу органына өтінішті және білім беру бағдарламасының қысқаша сипаттамасын ұсынуы;

8.1.2 рәсімнің құны мен орындалу мерзімдерін көрсете отырып, білім беру бағдарламасын аккредиттеуді жүргізу туралы аккредиттеу органы мен медициналық білім беру ұйымы арасындағы екі жақты шартқа қол қою;

8.1.3 осы стандарттың критерийлері мен талаптарына сәйкес білім беру бағдарламасын өзін-өзі бағалау рәсімі және аккредиттеу органына өзін-өзі бағалау туралы есеп беру;

8.1.4 аккредиттеу органында білім беру бағдарламасының өзін-өзі бағалау туралы есебін қарау және рецензиялау;

8.1.5 сыртқы бағалау рәсімі – білім беру бағдарламасына сыртқы бағалау жүргізетін, Аккредиттеу Кеңесі үшін есеп пен ұсынымдар жасайтын ССК медициналық білім беру ұйымына бару;

8.1.6 ССК жұмысының қорытындысы бойынша қорытынды есепті дайындау және оны аккредиттеу Кеңесіне ұсыну;

8.1.7 білім беру бағдарламасын аккредиттеу туралы мәселені қарау және ССК ұсынған материалдар мен ұсынымдар негізінде аккредиттеу органының Аккредиттеу Кеңесінің түпкілікті шешім қабылдауы;

8.1.8 оң шешім болған жағдайда аккредиттеу органының веб-сайтында білім беру бағдарламасын аккредиттеу туралы қысқаша есепті жариялау;

8.1.9 ССК есебінде қамтылған ұсынымдар негізінде медициналық білім беру ұйымы қабылдаған ескертулердің жойылуын тексеру үшін кейінгі рәсімдер;

8.2 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Қазақстан Республикасының № 319-III Заңына (11.01.2020 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен) сәйкес мамандандырылған аккредиттеу рәсімі медициналық білім беру ұйымдарының өтініші бойынша қаржы қаражаты есебінен жүргізіледі;

8.3 өзін - өзі бағалау кезеңінде аккредиттеу органы Медициналық білім беру ұйымына консультациялық қызметтер көрсетеді, оның ішінде алдын ала келісім бойынша оқыту семинарын өткізеді. Медициналық білім беру ұйымы өзін-өзі бағалау үдерісі аккредиттеудің маңызды және ең ұзақ кезеңдерінің бірі осы ұйымның міндеті мен жауапкершілігі екенін түсінуі керек;

8.4 өзін - өзі бағалау рәсімі аяқталғаннан кейін медициналық білім беру ұйымы болжамды сапарға дейін 2 айдан кешіктірмей аккредиттеу органында бастапқы сараптама жүргізу және жақсарту бойынша ұсынымдар шығару үшін аккредиттеу органына қазақ немесе орыс тілдеріндегі өзін-өзі бағалау бойынша есептің бір данасын жібереді. Бұл рәсім 2 аптадан аспайды және есепті жақсарту бойынша ұсыныстар алғаннан кейін медициналық білім беру ұйымы бір апта ішінде түзетулер енгізеді. Өзін - өзі бағалау жөніндегі Есепті түзету жүргізілгеннен кейін медициналық білім беру ұйымы аккредиттеу органына есептің түпкілікті нұсқасын әрқайсысының үш тілінде (қазақ, орыс, ағылшын тілдері) 3 данада береді. Есептердің барлық даналарына медициналық білім беру ұйымының бірінші басшысы қол қоюы тиіс;

8.5 есептерді сараптама тобының барлық мүшелері медициналық білім беру ұйымына барғанға дейін мұқият зерделейді. Есептерге Рецензиялар медициналық білім беру ұйымына түзету іс-шараларын жүргізу үшін беріледі, олар аяқталғаннан

кейін мамандандырылған өзін-өзі бағалау нәтижелерінің дұрыстығын бағалау үшін ССК-ның баруы жүзеге асырылады;

8.6 ССК-ның медициналық білім беру ұйымына бару мерзімдерін аккредиттеу органы айқындайды және сапар 2-4 күнді құрайды;

8.7 ССК құрамы аккредиттеу органы ұсынған және сертификаттаған, сондай-ақ ЖОО-лар, ғылыми ұйымдар/орталықтар, кәсіптік қауымдастықтар, қоғамдық бірлестіктер мен жұмыс берушілер ұсынған сарапшылардың деректер базасынан қалыптастырылады.

8.8 Медициналық білім беру ұйымындағы ССК жұмысының регламенті аккредиттеу органы бекіткен медициналық білім беру ұйымына барған кезде стандарт пен сыртқы бағалау жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес жүзеге асырылады;

8.9 Сарапшылар білім беру бағдарламасын сыртқы бағалау қорытындылары туралы қорытынды есепті аккредиттеу органына ССК сапары аяқталғаннан кейін 14 (он төрт) жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынады. Қорытынды есепте жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларының орындалуын бағалау, білім беру саласындағы нормативтік - құқықтық актілер талаптарының, аккредиттеу стандарттарының сақталуы, сондай - ақ білім беру ұйымдарының қызметін және оның бағдарламасын жетілдіру жөніндегі ұсынымдар міндетті түрде қамтылуға тиіс. Осыдан кейін аккредиттеу органы ұсынымдары бар есепті білім беру ұйымына танысу және нақты қателерді түзету үшін жібереді. Бұл үшін 7 (жеті) күнтізбелік күн беріледі. Бұдан кейін есеп аккредиттеу органына және ССК мүшелеріне есептің қорытынды нұсқасын дайындау үшін күнтізбелік 7 (жеті) күн ішінде жіберіледі. ССК-тің қорытынды есебі Аккредиттеу кеңесіне отырысқа дейін екі апта бұрын жіберіледі;

ССК-тің қорытынды есебі және ССК ұсынымдары аккредиттеуден кейінгі мониторинг жүргізу кезеңінде ССК ұсынымдары бойынша түзету іс - шараларының жоспарын әзірлеу үшін негіз болып табылады.

8.10 Аккредиттеу Кеңесінің шешім қабылдауы білім беру бағдарламасының өзін - өзі бағалау жөніндегі есебін, сыртқы сараптама комиссиясының қорытынды есебін және Кеңес отырысында сыртқы сараптама комиссиясы төрағасының баяндамасын талдау негізінде жүзеге асырылады. Сыртқы сараптама комиссиясының есебі және аккредиттеу органының ұсынымдары Аккредиттеу Кеңесінің шешім қабылдауы үшін міндетті шарт болып табылады.

9 Аккредиттеу бойынша шешім қабылдау

9.1. Аккредиттеу Кеңесі аккредиттеу бойынша келесі шешімдер қабылдайды:

1) толық аккредиттеу - 5 жыл кезеңіне аккредиттеу;

